

14 тақырып. Кәсіпкерлік қызметті тоқтату

- ▶ 14.1 Кәсіпкерлік қызметті тоқтату және кәсіпкерлік ұйымдардың таратылуы
- ▶ 14.2 Кәсіпкерлік ұйымдарды қайта ұйымдастыру (қайта құру) мен сауықтыру
- ▶ 14.3 Кәсіпкерлік ұйымдардың тұрақсыздығы (банкроттығы)

14.1 Кәсіпкерлік қызметті тоқтату және кәсіпкерлік ұйымдардың таратылуы

Еліміздің заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызмет заңды тұлға құрмастан (дара кәсіпкерлік) және заңды тұлға құру (түрлі ұйымдық-құқықтық нысандардағы кәсіпорындар құру) арқылы жүзеге асырылады.

Осыған байланысты олардың кәсіпкерлік қызметін тоқтатуы мен таратылуы бойынша өзіндік ерекшеліктері бар.

Сондықтан дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызметті тоқтату себептері мен шарттарын, тарату үшін қарастырайық.

Дара кәсіпкерлік үшін де заңды тұлғалар үшін де кәсіпкерлік қызметті тоқтату 2 түрде: ерікті және мәжбүрлі тәртіппен жүзеге асырылады.

Дара кәсіпкер қызметін ерікті түрде тоқтату үшін тіркейтін органға кәсіпкерлік қызметін тоқтату туралы өтініш береді.

Бірлескен кәсіпкерлік
жағдайында оған
қатысушылардың жартысы
кәсіпкерлік қызметті тоқтатуға
дауыс берсе, онда кәсіпкерлік
қызметті тоқтату туралы шешім
қабылданды деп саналады(егер
олардың арасындағы келісімде
өзгеше көзделмесе)

Дара кәсіпкердің қызметі мынадай жағдайларда сот шешімі бойынша мәжбүрлі түрде тоқтатылады:

- ▶ Ол банкрот деп танылса;
- ▶ Тіркеу кезінде жіберілген жойылмайтын сипаттағы заң бұзушылықтардың орын алуына байланысты дара кәсіпкерді тіркеу жарамсыз болса;
- ▶ Күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып қызметін жүзеге асырса;
- ▶ Ол қайтыс болды деп жарияланса.

Дара кәсіпкердің қызметі жоғарыда аталғандардан басқа мынадай жағдайларда:

- 1) Өзіндік кәсіпкерлік - дара кәсіпкер әрекетке қабілетсіз деп танылған, қайтыс болды деп жарияланған немесе ол қайтыс болған жағдайда;
- 2) Отбасылық кәсіпкерлік және жай серіктестік - дара кәсіпкердің әрекетке қабілетсіз болуы және қайтыс болуы салдарынан бірлескен кәсіпкерлік қатысушысының біреуі қалған немесе бір де бірі қалмаған жағдайда, сондай-ақ некені бұзуға байланысты мүлікті бөлу кезінде тоқтатылады.

Шаруашылық серіктестіктер,
акционерлік қоғамдар мен өндірістік
кооперативтерді ерікті түрде тарату
олардың қатысушыларының жалпы
жиналысының шешімі бойынша іске
асырылады. Ал мемлекеттік
кәсіпорындарды тарату Қазақстан
Республикасы Үкіметінің шешімімен,
коммуналдық кәсіпорындарды тарату
жергілікті әкімшіліктің шешімі
бойынша орындалады.

Ал соттың шешімі бойынша (мәжбүрлі түрде) кәсіпорындар мынадай жағдайларда таратылады:

- 1) Банкрот болған кезде;
- 2) Кәсіпорынды құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайда;
- 3) Кәсіпорынның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызметтерді жүйелі түрде жүзеге асырған жағдайда;

- ▶ 4) Қажетті рұқсат алмастан (лицензиясыз), не болмаса заңды бірнеше рет бұза отырып заңмен тиым салынған қызметті жүзеге асырса;
- ▶ 5) Заңнамалық актілерде қарастырылған басқа да жағдайларда.

Кәсіпорынды тарату келесі кезеңдерде тұрады:

- ▶ 1) Меншік иесінің, өкілетті органның немесе соттың шешімі бойыншы кәсіпорынды тарату туралы шешім қабылдау және тарату комиссиясын (конкурстық басқарушыны) тағайындау. Тарату тәртібі мен мерзімін белгілеу.
- ▶ 2) Басқару бойынша өкілеттіліктің тарату комиссиясына немесе конкурстық басқарушыға өтуі. Тарату жоспарын жасау.

- ▶ 3) Шешім қабылданған күннен бастап 3 күн ішінде тіркеуші органға (аумақтық әділет департаменті) және орналасқан жері бойынша салық комитетін тарату туралы жазбаша хабарлама жіберу.
- ▶ 4) Таратудың салық есептемесін жасау.
- ▶ 5) Кәсіпорынды тарату туралы, сондай- ақ кредиторлардың талап – тілектері бойынша өтініштерді қарату тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты ҚР Әділет министірлігінің ресми басылымдарында жариялау.
- ▶ 6) Кәсіпорынның таратылуына байланысты алдағы уақытта жұмыстан босатылатындығы жөнінде барлық жұмыскерлерді жазбаша түрде ескерту

- 7) Жұмыстан босатылатын жұмыскерлер туралы толық мәліметтерді аумақтық жұмыспен қамту орталығына жіберу.
- 8) Барлық кредиторларды айқындау және таратылатындығы тарату оларға жазбаша хабарлау.
- 9) Дебиторлық берешектерді айқындау және оларды алуға қатысты іс- шаралар қабылдау.
- 10) Дебиторлық және кредиторлық берешектердің тізбесін жасау.
- 11) Орналасқан жері бойынша салық комитетіне барып салықтар мен бюджетке төлінетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептесулерді тексеру;

- ▶ 12) Талап-тілектерді білдіруге арналған мерзім өткеннен кейін кәсіпорын мүлкінің меншік иесінің немесе тарату туралы шешім қабылдаған органның аралық тарату балансын жасауы және бекітуі.
- ▶ 13) Басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерін немесе акцияларын сату жолымен кұрылтайшылар (қатысушылар) құрамынан шығу.
- ▶ 14) Жарияланған акциялар, соның ішінде орналастырылған акциялар шығарушы жою (акцилнерлік қоғамдарда).

- ▶ 15) Сот шешімін орындау үшін белгіленген тәртіппен аукциондық саудада мүлікті сатуды ұйымдастыру және жүргізу.
- ▶ 16) ҚР Азаматтық кодексінің 51- бабында белгіленген кезектілік бойынша аралық тарату балансына сәйкес оның бекітілген күнінен бастап таратылатын кәсіпорынның кредиторларына ақшалай төлем жасау.
- ▶ 17) Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлікті акционерлер немесе қатысушылар арасында бөлу.

- ▶ 17) Тарату туралы шешім қабылдаған органның немесе кәсіпорынның меншік иесінің соңғы (қорытынды) тарату балансын жасауы және бекітуі.
- ▶ 19) Меншік иесінің, өкілетті органның немесе соттың алдында тарату ісінің (конкурстық өндірістің) аяқталғандығы жөнінде есеп дайындау.
- ▶ 20) Салық комитетінен есептен шығару.
- ▶ 21) Таратылатын кәсіпорынның банктегі банктік шотын жабу.

- ▶ 22) Кәсіпорынның фирмалық мөрін жою және ол туралы орналасқан жеріндегі ішкі істер органының лицензиялық – рұқсат беру қызметінен анықтама алу.
- ▶ 23) (әділет) органына таратудың аяқтағандығы туралы құжаттар топтамасын (пакетін) ұсыну.
- ▶ 24) Тіркеу органынан кәсіпорынның таратылғандығы туралы бұйрықты алу.
- ▶ 25) Таратылған кәсіпорынның құжаттарын мұрағатқа өткізу.

14.2 Кәсіпкерлік ұйымдарды қайта ұйымдастыру (қайта құру) мен сауықтыру

Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру (қайта құру) бірқатар ішкі және сыртқы себептермен байланысты және ол оның қатысушыларының мүлікті шоғырландыру немесе бөлу, сондай-ақ ұйымдық – құқықтық нысанын өзгерту тәсілі ретінде кеңінен қолданылады.

Кәсіпорынды қайта құру (қосу, біріктеу, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) оның меншік иесінің, құрылтайшылардың (қатысушылардың), сондай-ақ заң құжаттарында көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі.

Қайта құру (ұйымдастыру) кәсіпорын қызметін тоқтату, сондай-ақ жаңадан іске қосу тәсілі ретінде сипатталады. Қайта ұйымдастырудың келесідей нысандары бар:

- 1) Біріктіру мұндай нысанда біріктірілетін кәсіпорын қызметін тоқтатады, ал соның негізінде жаңа заңды тұлға құрылады.
- 2) Қосу – бұл нысанда бір кәсіпорын басқасына қосылады және өзінің өмір сүруін тоқтатады, ал басқа кәсіпорын өз қызметін жалғастыра береді.
- 3) Бөліну – бұл нысанда бір кәсіпорын өз қызметін тоқтатады, ал соның негізінде екі немесе одан да көп субъектілер құрылады.

- ▶ 4) Бөлініп шығу – бұл нысанда бір заңды тұлғаның құрамынан бір немесе одан да көп заңды тұлғалар бөлініп шығару.
- ▶ 5) Қайта құру (өзгерту) – бұл нысанда кәсіпорын өз қызметін тоқтатпайды, тек өзінің ұйымдық –құқықтық нысанын басқасына алмастырады

Қайта құру (ұйымдастыру) ерікті немесе мәжбүрлі түрде жүргізілуі мүмкін. Ерікті қайта ұйымдастыру меншік иелерінің, ал мәжбүрлі қайта ұйымдастыру сот органдарының шешімі бойынша іске асырылады.

Қайта ұйымдастыру жүргізу кезінде қайта құру нысанын таңдауда келесілерді ескеру қажет:

- ▶ а) толық және командитті (сенім) серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік, акционерлік қоғам нысандарына қайта құрыла алады;
- ▶ ә) акционерлік қоғам жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе өндірістік кооператив нысандарына қайта құрылуға құқылы;

- ▶ б) өндірістік кооператив шаруашылық серіктестіктің кез — келген нысанында қайта құрыла алады.
- ▶ в) жауапкершілігі шектеулі серіктестік шаруашылық серіктестіктің басқа түрлерінде , өндірістік кооператив немесе акционерлік қоғам нысандарында қайта құрылуына болады.

14.3 Кәсіпкерлік ұйымдардың тұрақсыздығы (банкроттығы)

Қазақстан Республикасының
Банкроттық туралы заңына сәйкес,
банкроттық деп борышкердің сот
шешімімен танылған оны таратуға
негіз болатын дәрменсіздігін
айтамыз.

Ал дәрменсіздік – сот немесе борышкер мойындаған, кредиторлардың ақшалай міндеттемелер бойынша талаптарын (жалақы төлеу жөніндегі талаптарын қоса алғанда) борышкердің толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіздігі.

Басқаша айтсақ, банкроттық – шаруашылық субъектінің қарыздық міндеттемелері бойынша төлем жасай алмауы және қаражаттың жоқтығынан ағымдағы негізгі қызметін қаржыландыру мүмкіншілігінің болмауы.

Кәсіпкерлік ұйымдардың тұрақсыздығы
мынадай жағдайлармен байланысты болып
келеді.

- ▶ Кәсіпкердің кінәсінан емес, ойламаған
міндеттемелердің туындауымен немесе
төтенше жағдайлардың (апатты жағдайлар,
әскери іс- әрекеттер, саяси тұрақсыздық,
елдегі дағдарыс т.б.) орын алуымен
байланысты бақытсыз жағдайлармен;
- ▶ Кредиторларға қарыздарды төлеуден қашу
мақсатымен өз мүлкін саналы түрде жасыру
нәтижесінде орын алатын жалған
жағдайлармен;

- ▶ Кәсіпкерлік қызметте тәуекелді операцияларды жүзеге асыру кезінде жасалған жұмыстардың тиімсіздігі салдарынан орын алатын абайсыз (епсіз) жағдайлармен.

Заңды тұлғаның банкроттық белгілерін анықтау оның төлем қабілетсіздік қағидасына негізделеді. Төлем қабілетсіздік деп борышкердің ақшалай міндеттемелерін және өзге де ақшалай сипаттағы талаптарды орындауға қабілетсіздігін айтамыз.

ҚР-ның Банкроттық туралы заңына сәйкес банкроттықтың 2 түрі анықталған: жалған банкроттық және әдейі банкроттық.

Жалған банкроттық деп коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сондай-ақ дара кәсіпкердің кредиторларға тиесілі төлемдерді кейінге қалдыру, ұзарту немесе борыштардан шегерім жасатқызу және борыштарды төлемеуі үшін кредиторларды жаңылыстыру мақсатында өзінің дәрменсіздігі туралы жалған хабарламасын айтамыз.

Ал, әдейі банкроттық дегеніміз
коммерциялық ұйым басшысының
немесе меншік иесінің, сондай-ақ
дара кәсіпкердің жеке өз
мүдделерін немесе өзге
тұлғалардың мүдделерін көздей
отырып төлем қабілетсіздігін
қасақана жасауы немесе ұлғайтуы.

**Кәсіпорынның әдейі немесе жалған
банкроттыққа ұшырауы, көбінесе, мынадай
іс- әрекеттерді жасау нәтижесінде орын
алады:**

- ▶ Мүлікті және ол туралы мәлеметтерді немесе мүліктік міндеттемелерді жасыру;
- ▶ Борышкердің нақты алуға болатын дебиторлық берешектерді жасыруы;
- ▶ Айтарлықтай өтімді активтерді үшінші тұлғалардың иелігіне немесе меншігіне, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына заңсыз негізде қайтарымды немесе қайтарымсыз беру;

- ▶ Бухгалтерлік және басқа да есептік құжаттарды бұрмалау немесе жою;
- ▶ Кәсіпорын үшін тиімсіз шарттар жасасу;
- ▶ Кәсіпорынның төлем қабілетсіздігін жоғарылату үшін барлық пассивтерді топтастыру;
- ▶ Дебиторлық берешекте өз уақытында талап етпеу немесе кешіру т.б.

Банкроттықтың алғышарттары
көптеген ішкі және сыртқы
факторлардың өзара әрекеттестік
нәтижесі ретінде сипатталады.
Мұндай факторларды келесі түрде
жіктеуге болады.

Сыртқы факторлар. Оған жататындар:

- ▶ 1) экономикалық факторлар: ел экономикасының дағдарысты жағдайы, өндірістің жалпы төмендеуі, инфляция, қаржы жүйесінің тұрақсыздығы, ресурстарға бағаның өсуі, нарық конъюктурасының өзгеруі, әріптестердің төлем қабілетсіздігі және банкроттығы т.б.
- ▶ 2) Саяси факторлар: қоғамдағы саяси тұрақсыздық, мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты, экономикалық байланыстардың үзілуі, экспорт пен импорт шарттарының өзгеруі, заңнаманың жетілмеуі т.б.

- ▶ Халықаралық бәсекенің күшеюі және интеграциялық үдерістер жағдайындағы мемлекеттік саясаттың ықпалы;
- ▶ Демографиялық факторлар:
халықтың саны, құрамы
халықтың төлем қабілетті
сұранысы мен қажеттілігінің
құрылым және мөлшері т.б.

Ішкі факторлар. Мұндай факторларға жататындар:

- ▶ 1) Меншікті айналым капиталының тапшылығы және соның салдарынан тиімсіз өндірістік – коммерциялық қызметтің немесе тиімсіз инвестициялық саясаттың жүргізілуі;
- ▶ 2) Техникалар мен технологиялардың және өндірісті ұйымдастырудың төмен деңгейі;

- ▶ 3) Кәсіпорынның өндірістік әлеуеті мен ресурстарын пайдалану тиімділігінің төмендеуі және зиянның, өзіндік құнның деңгейінің жоғары болуы;
- ▶ 4) Дайын өнімнің, өндірістік қорлардың, аяқталмаған өндірістің нормадан тыс жинақталуы және соған байланысты капиталдың айналымдылығының төмендеуі;
- ▶ 5) Кәсіпорынның жауапсыз клиенттерінің ұлғаюы, яғни төлемдерді кешіктіріп жасауы немесе банкроттық себебімен мүлде төлемдеуі;

- ▶ 6) Өнімді өткізу нарықтарын зерттеу, тапсырыстар портфелін қалыптастыру, өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, баға саясатын әзірлеу бойынша маркетингтік қызметті ұйымдастыру деңгейінің төмендігі;
- ▶ 7) Тиімсіз шарттармен кәсіпорын айналымына қарыз қаражаттарын тарту т.б.